



ЖАБАЙЫ БИЗНЕС

Кейде заң қарапайым адамдар үшін жазылғандай көрінеді. Заң тауық ұрлаған адамды да жазаға тартады. Ал мына оқиғадан түйгеніміз, тауық емес, кәдімгі адамдарға байланысты алапат қылмыс жасалып келген.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті шеттен арзан жұмыс күшін алдырумен айналысып келген қылмыстық топты әшкереледі. Атырауда орын алған оқиғаның ұзын-ырғасы мынадай. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Атырау облыстық департаменті елімізге келуге сұранған мигранттарға шектен тыс рұқсат берген компанияны анықтайды. Құжат түрінде өздерін аты дардай фирма ретінде көрсетіп келген компанияның ресми орны жеке үй болып шығады. Ешқандай жабдығы жоқ бұл жердің алаяқтық сызбамен жұмыс істеп келгені анықталған оқиғаға байланысты тексеріс 2017 жылдың қазан айында басталған екен.

Тексеру барысында Атырау қаласының О. есімді тұрғыны жалған алты компанияның өкілі болып келгені дәлелденді. Ол Атырау облыстық полиция департаменті көші-кон қызметі басқармасындағы «связьдары» арқылы, 429 шетелдіктің елге заңсыз келуіне мүмкіндік жасаған.

Қылмыстық топтың басшылығы Елордала орналасқан. Тергеу мәліметтеріне қарағанда, Атыраудың тұрғыны қылмыстық топ құрған кішігірім «кенсенің» белді мүшесі болған. «Ақпараттық технологияларды және электронды цифрлы колтанба туралы мәліметтерді жете менгерген қылмыстық топтың астаналық мүшесі «Электронды үкімет» порталы арқылы, кездейсоқ адамдардың атына жалған фирмаларды тіркеген. Құзырлы орындардың күмәнін тудырмау үшін қылмыстық топ әрі қарай, жасанды сенім хат арқылы «жұмыс» істеп келген. Жасанды сенім хатты бұрынғы нотариус қолданыстан шыққан мөрі арқылы рәсімдеп жүрген. Кейін жалған құжат жасауға Нұр-Сұлтан қаласының іс басындағы нотариустары да араласқан. Бұдан соң жалған компаниялар фирмалармен

арада қызмет көрсету туралы акт жасасқан. Осылайша, жасанды құжаттар арқылы шетелдік жұмыс күшін шақырту туралы құжат рәсімделіп келген» делінген Ұлттық қауіпсіздік комитеті таратқан хабарламада.

Қылмыстық топты Қытай азаматы және еліміздің сыртқы істер министрлігінде бұрын жұмыс істеп кеткен әйел адам басқарыпты. «Күдіктілер 2015-2016 жылдары 2000-нан астам шетелдікке шақырту жіберген. Бұл қылмыстық сызба сыртқы істер министрлігі консулдық қызмет департаментіндегі жемқорлық байланыс арқылы

МИГРАНТ САУДАСЫ



жүзеге асырылып келген. Виза рәсімдеудегі 2017 жылдың қаңтарынан бастап енгізілген өзгерістерге қарамастан, қылмыскерлер визалық қолдауды еш кедергісіз алып отырған» деп нақтылады Ұлттық қауіпсіздік комитеті.

Осылайша, Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Көкшетау, Қызылорда қалаларында және Қырғызстанда тіркелген 48 жалған компанияның жолы кесілді. Тергеу материалдарына қарағанда, қылмыстық топ ұйымдасқан жолмен 1 миллион 300 мың доллардан астам пайдаға кенелген.

Бір сәтте еліміздің бірнеше аймағында жүргізілген құпия операция нәтижесінде сот шешімімен 21 адам түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылды. Қазіргі уақытта қылмыстық топ жұмысына тікелей қатысы бар Қытайдың екі азаматына және Қазақстанның бір азаматына халықаралық іздеу жарияланып отыр. Тергеу жалғасуда...

Баян ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау қаласы

Өңір

ОҢТҮСТІКТЕН ЕСКЕН ЖЫЛЫ ЛЕП

Жер жаңалап, жаңа ортада кәсіп ашып, көсегеңізді көгертіңіз келе ме? Мүмкіндік мол. Оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару бағдарламасының шарттары ниет еткенге тіптен тамаша. Оның үстіне бағдарлама шартына елеулі өзгеріс енгізілген. Яғни бұған дейін аталған бағдарламаға отбасылы не туған-туысын ерткен адам жұбы қатыса алса, енді үйленбеген, не тұрмыс құрмаған адам да жалғыз қатыса алады. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 1706 отбасыға квота бөлінген. 2015 жылы жүзеге асырыла бастаған бағдарлама әуелі елді өлең еткізді. Әйтсе де, біздің байыптауымызша, көш жолы кейбір кедергілерге ұшырауда.



I. ТАУЫ ШАҒЫЛЫП, ТӘЛЕККЕ ТҮСКЕНДЕР

Халқы тығыз орналасқан оңтүстік өңірден солтүстікке бет түзген көштің көп игілігі бар. Таратып айтып көрелік. Алдымен іргедегі Ресей мен шекараның түбінде шерменде болып жатқан, шын мәнінде, қанырап босап қалған далаға ел қонар еді. Бір жағынан, көршінің көз алартпауына сеп болса, екінші жағынан, игерілмей бос жатқан даланың дидары адал еңбекпен нұрланар еді. Әншейінде жер емшегін егуге кезегесі керіп тартып, бел буып кірісе қоймайтын солтүстіктің жұрты көзін тырнап ашқаннан бері ат сауырындай алқапқа еккен дақылын құлағынан тартып шығаратын жұмыс істеп жанын жалдаған жансәбіл жұрттың өнегесін ұғар еді.

Шын айтқанда, тыңның эпицентрі – солтүстік өңірде казак тілінің кірпігі ғана қимылдап тұр.

(Жалғасы 5-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Бұрын ұрлықтың бір ақ түрі болушы еді: мал ұрлығы. Қазір мал ұрлығын былай қойып, руханияттың ұрлығы да асқынып кетті. Яғни ән жымқырып, өлең ұрлайтындардың, яғни «жиендік» жасайтындардың дәурені дүркіреп тұр. Ал біз өнердегі ұрлықты айтып жүргенде, саф өнерді қасақана бұрмалайтындар да бой көрсете бастады. Мәселен, Ақан серінің «паспорты» саналған «Балқадіша» әнін бұзып, мәтініне «жамау» қосып айтып жүрген әншілер бар. Атын атап, түсін түстеуден аулақпыз. Оны өздері біледі. Әдірісі айтылмаса да, өздері сезеді. Бұл әңгімені неге қозғадық?

Осы аптада Атырауға жолымыз түсті. Алып аймақта қазақ өнері мен әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан азаматтардың бірі де бірегейі – Қазақстан және Қырғызстан өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, композитор, өнер зерттеушісі, суретші Ілия Жақанов тұрады. Халықтың сүйікті композиторы «Жайлау көштері», «Талағай», «Еділ-Жайық» секілді әндерімен жұрттың жүрегін баурады, ыстық ықыласына бөленді. Қара сөздің де, әдемі әннің де қадір-қасиетіне жетік ағамызбен болған әңгіме өнердің ойлы-шұңқырын түгел қамтыды. Ал бүгінгі сұхбатымыз, сөз басында айтқан «Балқадіша» хақында.



Ілия ЖАҚАНОВ:

МЕНИҢ ӘНІМ СЕНДЕРСІЗ ДЕ АЙТЫЛЫП ЖҮР!

Jas qazaq: Ілия аға, халқымыздың мақтанышына айналдыңыз. Бұл сөзді сізді мақтау үшін емес, мақтану үшін айтып отырмыз. Әндеріңіз өз алдына, өнерге, әнге, оның ішінде халық әндерінің тағдырына қатысты ойларыңызға тәнтіміз. Әсіресе «Балқадіша» туралы...

I.Жақанов: Ақан серінің Балқадішасына бәріміз қызығамыз ғой. Өзін де қызығып отырған сияқтысың. Менде сол кезде әнге қатты қызықтым. Кеңес заманында өнер де идеологияның қаруы болды ғой. 1930-40 жылдардың ішінде көп әндерімізді насихат құралына айналдырып, өзінің төл сөзінен ажыратты. Ақырында айналып келгенде, сондай үлкен ән вокальдық музыкамыз үшін үлкен зардап болды.

Jas qazaq: «Балқадішаға» қандай қиянат жасалды?

I.Жақанов: «Балқадішаны» өзгерткенде былай: ең алдымен казактың халық әндерін насихат құралына айналдыру үшін сол кездегі насихат, идеология керемет жүріп жатқан. Ұлттар достығы, ер мен әйел теңдігі дегендей. Бұл Ілебайдың әні, Мәриям Жагорқызының жан досы. Бірге өсіп, біте қайнасып жүрген. Сол Ілебайдың әні «Дудар-ай» Дүйсен мен орыс қызы Мәриямның махаббатына арналған. Соны желеу қылып, казак пен орыстың ұлы достығы деп алдады да кетті. Енді «он екіде бір гүлі ашылмаған» Балқадішаны қалай жамандыққа қиясын? Бұрын казактар қыздарды малға сатқан, шалға сатқан деген сияқты желеумен оны «күйеуін 85-тегі шал Қадіша» деп өзгертті. Бұл – әйел теңдігі үшін жасалған қып-қызыл қастандық. «Ақбаян» деген әні бар емес пе? Қайырмасында «Ақбаян, ақ дидарын көпке аян» деген жері бар.

(Жалғасы 3-бетте)

БӘРЕКЕЛДІ!

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ

Димаш ҚҰДАЙБЕРГЕН, әнші:

«Менің ойымша, әрбір елдің азаматы ең алдымен Жератушының, ата-анасының, елінің алдында міндетті түрде қарыздар болады. Ол өле-өлгенше қарыздар болып өтуі тиіс деп ойлаймын. Өз басым Қазақ елінде дүние есігін ашқаным ерекше мақтанамын, қуанамын. Әлі күнге дейін әлемнің қай түкпірінде тұрсам да, мен ең алдымен қазақ өнер мектебін көріп ескен, қазақтың суын ішіп, балын жеген бала екеніме ерекше мақтанамын!»



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)

62,29



DOLLAR

387.37



EURO

428,55



РУБЛЬ

6,06

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Ажырасқанын атап өтті

(Толығырақ 2-бетте)



168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

СҰМДЫҚ ҚОЙ!

Соңғы кездері елімізде дәрігердің теріс әрекетіне қатысты дау-дамай жиілеп кетті. Бірде бала өлімі, бірде науқас адамға салғырт қарау секілді оқиғалар жұртты дүрліктіріп жатқанда, Шымкенттен тағы шу шықты. Бұл жолғы жанайқай, тіпті қорқынышты. №1 қалалық клиникалық аурухананың бас дәрігері Абылай Дөңбай шетелдің байларына адам ағзаларын сатқан. Ақысына сыйақы алып келген ол ақыры күдікті ретінде ұсталды.

Абылай бірнеше жыл бойы өзбек, қырғыз, украин азаматтарының бүйрегін алыс-жақын елдердің қалтасы қалың азаматтарына саудалаған. Дәрігерге қатысты «трансултттық қылмыстық

Жантүршіктіерлік оқиғаға байланысты түсініктеме берген ІІМ тергеу департаментінің бастығы Санжар Әділов: «Дөңбай қылмыстық топтың мүшелерімен алдын ала сөз

хирургпін» деп жауап берді. Осыдан соң мен де қазбалап сұраған жоқпын», — дейді.

Қысқасы, Абылайға қатысты әңгіменің де арты жақсы болмайын деп



БАУЫРЫНА ҚИМАҒАН БҮЙРЕКТІ...

топка қатысу» және «адам ағзаларын заңсыз алу» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. «Жалған сөз болар» деп ойлағанбыз. Бірақ бұлтартпас деректер бар көрінеді.

Қазірдің өзінде оқиғаның бірнеше жылдан бері жүйелі түрде жалғасып келгені анықталған. 37 жастағы трансплантолог-дәрігер 2017–2018 жылдардан бері қылмыстық топ құрамында адам ағзасын заңсыз ауыстырумен шұғылданған. Ауруханада адамның бүйрегін кесіп алып, науқас шетел азаматтарына салып беріп отырған. Әсіресе Израильдің бай азаматтары онтүстіктегі «өтімді тауардың» рахатын көрген. Дәрігерді іздеген донорлары Өзбекстан, Қырғызстан және Украинадан арнайы келген.

байласып, олардың қылмыстық іс-әрекетін және адам ағзаларын сатуға заңмен тыйым салынғанын біле тұра, ақшалай қаражат алып, Шымкент қаласының ауруханасында бүйректі трансплантациялау бойынша заңсыз оталар жасаған», — деді.

Ол дәрігерлік қызметін 2017 жылдың шілдесінде №1 қалалық клиникалық ауруханада хирург болып бастаған. Өткен наурыз айынан бері бас дәрігер. Ал қалалық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдуәлиев хирургке қатысты іс қозғалғанын бірнеше ай бұрын білген. Бұл туралы: «Ол маған жазда өзіне қатысты тергеу жүріп жатқанын айтты. Одан «сенің кінәң бар ма?» деп сұрағанымда, «мен жәй ғана

түр. Оның кінәсі анықталса, 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылып, дүние-мүлкі тәркіленеді. 9 жылға дейін осы қызметпен айналысуға тыйым салынады.

Осыған дейін еліміздің танымал бас трансплантологы, PhD докторы Ғани Құттымұратов осындай әрекеті үшін ұсталған еді. ІІМ оған қатысты қылмыстық іс аяқталып қалғанын хабарлады.

Бытыр Шымкенттегі №1 клиникалық ауруханада 17 шетел азаматына бүйрек алмастыру операциясы жасалған. Науқастар арасында Германия, Канада, Израиль және Румыния азаматтары болған.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

1+2

Ербол ТӨЛЕГЕНОВ,
стратегиялық бастамалар орталығының жобалар бойынша жетекшісі:

«Қазақстанда 9 миллион экономикалық бөлсенді халық бар. Оның 40 пайызы немесе 3 миллион 600 мың адам зейнетақы жарнасын тұрақты төлейді. 30 пайызы, яғни 2,7 миллион адам жарнаны ара-тұра салып тұрса, қалған 30 пайызы — зейнетақы жарнасын мүлдем төлемейді».

Нұржан ӘЛТАЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Қазақстандықтардың зейнетақы қорында үлкен бір ақшасы жиналып жатқан жоқ. Сондықтан бұны әлі талқылауымыз керек. 2023 жылға дейін біраз елдің тәжірибесін қарап, дүниежүзінде болып жатқан ең жақсы тәжірибені алуымыз керек».



Жанат ҚҰРМАНОВ,
бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының басқарма төрағасы:

«Сингапурдың зейнетақы жүйесін мұқият қарау керек. Өйткені, оларда өркім өз жинағын басқара алады деген қағида бар. Қазақстанның кірпісі төмен екенін ескерсек, мұны жүзеге асыру қиын. Сингапурдан 12 есе аз».

Жолдасбек ДУАНАБАЙ



сауалы

Нұртөре ЖҮСІП, сенатор:

— Орхус конвенциясына (ақпаратқа кіру, шешім қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуын және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенция) Ресей, Өзбекстан және Қытай мемлекеттері қол қоймаған. Ал еліміздегі трансшекаралық өзендердің бәрі дерлік бастауын осы елдерден алады. Осы мемлекеттер конвенцияға қол қоймаған жағдайда Қазақстанның әрекеті қандай болады?.

жауабы

Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ,
экология, геология және табиғи ресурстар министрі:

— Өзбекстан және Ресей мемлекеттерімен трансшекаралық өзендерді тазалау туралы келісім жасауға заңдық негіз бар. Ал Қытаймен арадағы келіссөз Қазақстанға оңай болып отырған жоқ. Расында да, сіз айтқан мемлекеттер Орхус конвенциясына қосылмаған. Дегенмен, бұл мемлекеттермен екіжақты қарым-қатынаста жұмыс істеп келе жатырмыз. Қытаймен 2015 жылдан бері келіссөз жүргізіп келеміз. Бір айта кететін жайт, Қытаймен төрт жылдың ішінде мәселенің ширек бөлігі жөнінде келістік.



Қызықтан қызықтыры

ЖАЛДАП 60 КӨЛІКТІ АСПАНҒА АТТЫ БӨРІКТІ

Санаулы болса да қымбат көліктер шеруін тойларда көріп, көз үйреніп қалған басымыз жіптей тізілген 60 джипті көргенде, жұрт таң қалды.



Бұл неғылған көлік дейсіз бе? Оралда бір жігіт әйелімен ажырасқанын ерекше тойлауды ұйғарыпты. Сөйтіп, 60 көлік жалдап, тәртіп сакшыларын аяқтарынан тік тұрғызыпты. Бұл туралы оралдық ақпарат құралдары жазды.

Ажырасқанына алақайлап қуанған жігіт Аягөз қаласынан келіпті. Ол әйелі екеуіне ортақ үйді сатып, қаржысын теңдей бөліскен. Ертесіне осы қуанышын 60 джиппен атап өткен. Бұл шеруге қала тұрғындары шағымданғанымен, көлік иелеріне шара қолданылмады. Өйткені, олар тәртіп бұзған жоқ.

(Басы 1-бет)

«Ой, Ленин, қаранғыда көп елін» деп, жас балаларды оқуға тарту үшін «қаранғыда көп елін» деп «Ақбаянды», классикалық ұлы жыр «Қозы-Көрпештегі» «Ақбаянды» осылай айналдырып жіберді. Осындай қолдан жасалған насихат болды. Үкілі Ыбырайды 1929 жылы ұстап алып кетті. Оның әндерінің барлығы халық әніне айналды. Көкшетаудын ақылды адамдары оның әндерінің бірін Ақан серінікі, бірі Біржан салдыкі бола тұрсын деп, әнді сақтау үшін осындай қадамға барды. «Мынау әнді — Балуан шолакты бере тұрайық. Артынан түбі анықталады» деген ойлармен әндерді осылай бөлді. Үкілі Ыбырайды осылай қорғап қалған. Ал енді сол кездегі «Толқын» деген әнін, яғни «Елім бар колхоз болып дүрілдеген» деген әнді таптым ғой 1980 жылы. Міне, осы әнде еңбекке шақыру насихатталады. Сосын «Отан тақырыбы» деп талай әнді өзгерткен. Сол үлкен наұқанның кезінде «Балқадиша» да сондай халге ұшырады. Ол барлық жерде, соғыстың алдында да, соғыс кезінде, тіпті соғыстан кейінгі кезеңде де «Балқадиша» орындалды ғой. Филармония, «Қазақконцерт» болсын, неше түрлі әншілер орындайды. Мен соны зерттеп жүргенде мынадай жағдай болды. Ақмола



Илия ЖАҚАНОВ: МЕНІҢ ӘНІМ СЕНДЕРСІЗ ДЕ АЙТЫЛЫП ЖҮР!

облысының Зеренді ауданы — Балқадिशанын елі. «Соғыстан кейінгі жылдар» дейді. Ауылға концерт келіп, концерттің ішінде сол жиынға келген 50-60 адамның ішінде Балқадिशаның өзі отырады. Балқадиша тірі. Сол кезде бір әнші: «Күйеуің сексен бесте, шал Қадиша», — деп соғады. Елдегі намысты, қайратты жігіттер, қариялар қолындағы таяқпен әншіні сахнадан айдап шығады. «Не деген сұмдықсындар, кім айт деді сендерге мұндай әнді!», — деп. Міне, Балқадиша отыр. «Ол кезде он екіде бір гүлі ашылмаған Балқадिशаны кім айтты сендерге шалға берді?» деп. Өзінің ұзатылып, айттырылған жері Сүлеймен деген кісі. Текті тұқым. Сонымен ғажайып өмір сүрді. Құлия, Нағима, Гүлсім деген қыздары, Жолдыбай атты ұлы бар. Осы балаларды сүйіп, өмірі керемет өтті. Ел өле-өлгенше Балқадिशаны сыйлады. Балқадиша өле-өлгенше көркем, әдемі киім киді. Етігінін өзін жездеп, биік өкше етіп, атақты етікшілерге тіктіріп жүрді. Бойында бір міні жоқ. Балқадिशаның қыздары да шетінен сұлу болды. Құлиясының өзін айтайын. Ер-азаматтар соғыстан кейін қайтыс болып кеткен. Ауылда қыз көп. Жолдасынан айырылып қалған келіншек көп. Сол кезде Құлияның күйеуі соғыста қайтыс болып, жап-жас қалпында қыздай болып үлбіреп жүр екен. Бұл қайткенде де Балқадिशаның қызы ғой. Өзі де көркем, әдемі. «Осылай Құлияға үйлендік, баулы-шағалы болдық» деп әңгімесін айтты. Енді екінші қызы Нағима ше? «Балқаш ауданының Сандықтау ауылында Нағимаға жолыққанымда көзі қарақаттай, құралайдың көзіндей еді. Өте сұлу, ізетті, әдемі» деп еске алды. Оның күйеуі де әскерден келгеннен кейін жанағыдай жағдайда үйленіпті. Ол екі бажа «Балқадिशаның екі сұлу қызынан өсіп-өндік» деді. Ал Гүлсімі қайтыс болып кетіпті.

Жас qazaq: «Балқадिशаның» өзгертілген тұсы: «Күйеуін сексен бесте шал Қадиша» деген сөйлем ғой. Әуелде бұл сөйлем «Бір емес, екі женген келіп отыр, Рұқсат бізден сізге, бар Қадиша» деп айтылған жоқ па еді?

І.Жақанов: «Балқадिशаның» өз мәтінде: *Қызы едің Ыбырайдың Балқадиша, Ішінде қара басың хан Қадиша. Дегенде Балқадиша, Балқадиша Беліңе оралғаның тал Қадиша. Бір түгіл екі жеңең келіп отыр, Рұқсат бізден сізге бар Қадиша*, — дейді. Бұл екі женгесінің біреуі — Ұмсын, біреуі — Ділді. Бұл екеуінің аты неге аталады? «Рұқсат бізден сізге» деп айтып отыр. Ақан сері қартайған, жары қайтыс болған. Екі қызын екі жездесі алып, тәрбиелеп алған. Қасында мылқау Ыбан деген баласы ғана қалған, жадап-жүдеп, үстіндегі киімі де олпы-солпы кезі. Баяғы күйі жоқ. Күні еңкейіп бара жатыр. Қайғы мұң торлаған. Сол кездегі «Шырмауық» деген әні қайғы-қасірет шегіп жүріп шығарған сәті екен.

Шырмауық шығарыңда бас тартады, Біздің ел ерте жайлап, кеш қайтады. Жайлаудай құлазиды біздің көңіл, Жанымды ұғар жан жоқ жас қартайды. Ахау жсалған. Дүние бітер ме арман, Қу тірлік шырмауықтай шырмап алған. Үйректің атқызбайды қасқалдағы, Шебердің былықдайды басбармағы. Бұл күнде ағаң болдым төр алдыда, Бір кезде Ақан едім аспандағы. Дүние-ай қызғалдақтай кімді алдадың, Сен берген ризықтан құр қалмадың. Дәуренді мендей сүрген кім бар екен, Сонда да қызығыңа бір қанбадым.

Міне, осы әнді осылай шығарған. Кезінде сайран салған елдері көп. Бәрін ансайды. Бәрін сағынады. Баланы жетектеп жүріп бағады. Тайға мінгізіп алып, екеуі құлан түзде келе жатады. Сол кезде Балқадिशаның елі Кошқарбай тауының етегінде отырған ауылда үлкен қызойнақ болып жатады. Сол қызойнақтың үстінен түсіп, боз үйге келген кезде жастар Ақан серіні танымай, бір дуана көрген адам сияқты өре түрегеліп, барлығы дүр етіп сыртқа шығып кетеді. Ақан аға ғой десе де ешқайсысы кірмей, сыртта дүрдііп тұрады. Сол кезде шілдехананы басқарып жүрген Төкен, Ғаббас, Мәлік деген үш өрелі елдің мандайалды жігіттері жастарды шақырады. Жастар кірмейді. Сол кезде олар «Қой, Балқадिशаны алып келейік» дейді. Ыбекен деп отырғаны Балқадिशаның әкесі — Ыбырай. Кезінде елге би болған адам. Шешен. Ақылды. Көсемсөзші. Елдің құты, ұстазы болған. Сол кісі «Ақан келсе, елді ду көтеріп әкетеді» дейді. Қайратты, мықты кезінде Ыбекен Ақанды төбесіне көтерген. Ол кезде Балқадиша жас. Балқадिशаның шешесі Жықыштын қайтыс болғанына бір жыл болған. Осы қызойнақ өткеннен кейін жылын береді. Жылы өткен соң Балқадिशаны Сүлейменге ұзатуы керек. Дәл осы сәтте Ақаң келіп қалады. Жанағы үш жігіт барып Ыбекене «Көке, Ақан келді» деп айтады. «Ой, жаным, Ақаным, Ақан келді ме? Ал не істейсіндер, не керек?» дейді. «Жастар үркіп тұр, Балқадиша келіп отырмаса болатын емес» дейді. «Ой, құлыным, Балқадиша бар» дейді. Балқадिशаның шын аты — Төкен. Әкесі еркелетіп бал мінезіне Балқадиша деп атап кеткен. Сөйтіп Ділді, Ұмсын деген екі женгесін қосып жібереді. Елге қадірлі бір ауылдың перизаты өзінің атастырылған жеріне сондай көңілі жаксы, енді-енді ұзатыламын деп отырған Балқадиша Ақан ағаға келіп сәлем береді. Сонда Ақан «Уа, Балқадиша келдің бе?» — деп Балқадишаға ұзақ қарайды.

Бұл күнде ағаң болдым төр алдында, Бір кезде Ақаң едім аспандағы, — деген «Шырмауық» әнін сол кезде шығарады. Жұрт «Ақан аға, ән, ән айтыңыз» деп қолка салады ғой. «Шырмауықты» жібереді. Сол кезде Ақан екеніне сенген жастар қайта оралады. Таңға дейін, таң атып келе жатқан сәтке дейін жастар да Ақанның әнін айтып отырған. Сосын таң алдында екі женгесі Ақаннан Балқадिशаны алып кетеді. Бұл Ақан серінің Балқадिशаны соңғы көруі. Екі-үш күннен

Бибігүл Төлегеновамен көп әңгімелесеміз. Ол менің әндерімді айтады. Мысалы, «Еділ-Жайықты». 2016 жылы Астанада үлкен концертім болды. Мерекелік концерттің соңы «Еділ-Жайық» әнімен аяқталды. Сондай кездесулерде «Бибігүл, қазіргі эстрадаға көңілің тола ма?» деп сұраймын. «Атама. Айтпа оны маған» дейді.

Зеренді ауданының бір жаксы адамдары мен осыны қайта-қайта насихаттағаннан кейін айтыпты: Айдалада жүрген анау Жақанов жазды ғой депті. «Аты аңызға айналған Балқадишаға арнап ескерткіш орнатуымыз керек» деп, ескерткіш орнатты. Зерендіге кіреберіс жерде керемет ескерткіш тұр.

Жас qazaq: Әнді орындап жүрген «Жігіттер» квартетіне мәтіні туралы ескерту жасадыңыз ба?

І.Жақанов: Иә, олар осы жерде концерт берді. Әкімшіліктің адамдары дастархан жаяды ғой сол кезде оларды шақырып алдым. «Мен Илия Жақановпын, бүкіл өмірімді «Балқадишаға» арнаған адаммын. Не беттерімен мынандай сорақылық жасап жүрсіндер, сендер? Мен тірі жүрмін ғой. Қаншама публикация болды. Барлық ақпарат көздерінен айтылды. Неге сөйттіндер? Кім қыстады сендерді? Жап-жас баласындар» деп ашуланып айттым. Халыққа тарап кетті. «Тірі Жақановты зерттемейсіздер ме?» дедім. Сол кезде олар «Токтатамыз» деді. «Сіздің бір әнінізді айтайық» деді. «Менің әнім сендерсіз де айтылып жүр», — дедім.

Әннің теріс әсері бүкіл болмысымызды өзгертіп барады. Сондықтан ол болашақ күндерге үлкен сенімсіздікпен қараймын. Бибігүл Төлегеновамен көп әңгімелесеміз. Ол менің әндерімді айтады. Мысалы, «Еділ-Жайықты». 2016 жылы Астанада үлкен

кейін Жыланды деген тау бар Ақмоланың жеріне қарай кетеді. Сол жактағы Қарауыл, өзінің барып жүрген елі бар, арғындар бар, сол жерге барып масайрап жатқан кезде Балқадिशаның ұзатылғанын естиді.

Кетті деп Балқадиша естігенде, Құшақтап құз жартасты жылағаным, — деп ән салады.

Ал әннің осы жерін өзгерткендер: «Құшақтап құс жастықты» деп соғып жүр. Олай емес. Осының барлығын бір Балқадиша үшін 1960 жылдан бастап зерттеу жасадым. Ақырында радио телеарналар, газет-журналға шыққаннан кейін ғана, яғни ел жүрегі «Балқадिशаны» сұлулықтың символы, аққудың көгілдіріндей етіп, оның бойына мін жүкқызбай халық өзі ұлықтады ғой. Осыны сезінген, түсінген

Енді әндерің сұйылып бара жатыр сендердің. Неге осындай әндерді айтпайсындар?» дедім. «Ағатай, жазып алайықшы» деп, жазып алды. «Эстрада дейсіңдер, современный деген сөзді шығарып алдыңдар» деп өз пікірімді айттым. Эстрадалық ауру 1970 жылдың бас кезінде басталды. Сол кезде консерваториядан басы піспеген бір жастар шықты. Сол кезде шетелдік экспансия ептеп сезіле бастады. Соның әсері тие бастады. Современный музыканы дамытуымыз керек деп қояды. Сол желеумен кетті. Мен Брусиловский «У казахов своя консерватория» деп айтады деймін. Сондағы казактың эстрадасы «Маусымжан, Маусымжан,

Танимын қалкам даусыңнан» деген әндер. Мысалы. *«Биыл, Биыл, Биыл-ай, Тартиш құрбым бір күй-ай».*

Міне, казактың эстрадасы. Казактын жайсан әндері осылар.

Жас qazaq: «Ән ішіңнен жарып шыққан балаң сияқты» деп жатушы еді композиторлар. Балана жасалған қиянатқа төзбейсің ғой, әрине.

І.Жақанов: Айтпақшы, мынадай бір жағдай болды. Менің концертім болатын кезде бір газетке Қасымхан Бегмановтың өлеңдерінің топтамасы шығыпты. Сол газетті оқып отырып, өлеңін қарап отырсам, әне жерінен бір куплет, мына жерінен бір куплет шықты. Үшінші куплетті соңғы жағынан таптым. Бірден үш өлең бір өлең болып шыға келді. Сол кезде менің пианино қасымда тұр, апан газетті қолына ұстап отырған:

Түн жарығы, ел үйқыда, мен ояумын, Егілуге, төгілуге таяямын.

Махаббат жоқ деген сөзді естісем, Көз алдыма сен келесің аяулым, — деген романсын туды.

Біз қонакқа бардық. Қайтар жолда осылай Асанәлі Әшімовтің өміріне арналғандай арнайы романс шықты. Енді осыны Бақтияр Тайлақбаевқа бердім. Менің басқа бірнеше әнімді қырғыздар айтатын болып, сол жакка кетіп бара жатқанбыз. Жолда Кордайдың асуына демалып тұрғанымда «Бақтияр хабарласып, әнді қатырып қойдым, эстрадамен жайнатып қойдым» дейді. Сол күні Алматыға кері қайттық. Ертеніе студиясына келсек, өз әнімді өзім танымай қалдым. Сосын Бақтиярға «Сенде нотасы бар ма?» деп, өзім айтып бердім.

«Мәтінге неге қарамайсың?» дедім. Дыбыс жазып отырған музыкант жігітке «Сен лыпылдатпа» дедім. Рояль сияқты салмақ сал дедім. Бақтияр таң қалды. «Аға, 20 минуттың ішінде мені камерный әнші жасадыңыз» деді. Ол сол жерде түзете қойды. Ал түзетпейтіндер қаншама? Әнді түсінбесе, көкейінде дұрыс түсінік болмаса, ән сәтті шықпайды.

Міне, осындай жағдай көп болды. Енді ұрлайтындар ғана емес, қазір әннің тарихын білмейтін, мәтінінен бейхабар талантсыздар мен талғамсыздар саф өнерге осындай қиянат жасап жүр. Ән ұрлайтындар мен бұзатындар-ақ шаршатты.

Жас qazaq: Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН,
арнаулы тілші, Атырау қаласы

Қазақ **REALISM**



Сұхбат

Биыл мамыр айында «Жусан» арнайы операциясының үшінші кезеңінде Сириядан 67 әйел, 171 бала, оның ішінде 9 жетім бала елге оралды. Оларға оңалту орталығында теологтар мен психологтар тиісті көмек көрсетуде.

Қазіргі таңда олардың жағдайы қалай? Қоғамға қайта бейімделді ме? Әсіресе, соғысты көрген балалар ортаға қалай сіңісті? Бұл сұрақтарға жауапты журналист Жұлдыз Төлеудің идеясымен түсірілген «Жусан иісі» атты деректі фильмнен таптық.

Туындының өмірге қалай келгені туралы идея авторы Жұлдыз Төлеу әңгімелеп берді.

Jas qazaq: Жұлдыз апай, идея қалай туындады? Деректі фильмді «Жусан иісі» деп атауыңызға не себеп болды?

Ж.Төлеу: Елімізге отандастарымыз «Жусан» операциясы арқылы орала басталды ғой, сол сәттен бастап-ақ менде фильм түсіру идеясы болды. Өйткені, осыдан екі жыл бұрын «Азаттық»



Ж.Төлеу: «Жусан» операциясы арқылы қаншама отандасымыз елге оралды. Бұл енді мемлекет ұйымдастырған ізгілікті шара. Комитет осыны ашық насихатталғанын қалаған сияқты. Сонымен қатар, мен

Негізгі мақсатым — шынайы кейіпкерлер арқылы олардың жан дүниесін ашу еді. Осылайша

қабылдап, мейірімдерін көрсетуде. Мені қуантқаны, осы жағы. **Jas qazaq:** Сіз бірталай кейіпкермен сұхбаттастыңыз. Олар сұхбаттасу барысында қандай сұрақтарға жауап бергісі келмеді?



да жеткіліксіздеу болды. Егер мен сол өңірде тұратын журналист болсам, басқаша болар ма еді. Негізі «Жусан» операциясы аясында 595 адам елге оралды. Ең көбі Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Орал және Оңтүстік өңірдің азаматтары.

Jas qazaq: Алпауыт елдер де Сириядағы қақтығысты тоқтата алмады. Сіз осы тақырыпты тереңірек зерттеп көрдіңіз бе? Ол жақтағы қақтығыстың әлі күнге тоқтамауына не себеп?

Ж.Төлеу: Менінше, бұл халықаралық тақырып. Саяси ойын. Бұған саясаттанушылар жауап береді. Бір кездері Шам елі өркениеті дамыған ел болатын. Қазір талқаны шықты. Өркениет дамып келе жатқан ел бір мезетте жойылды. Кейіпкерлерім күнде атыс-шабыс, күнде бомба түсетінін айтты. Бұл не үшін болып жатыр, кіммен кім соғысып жатыр, оны ешкім түсіндіре алмайды.

Jas qazaq: Сириядан келген азаматтарға барынша қолдау

СИРИЯ СОҚПАҚТАРЫ немесе бір фильм – қилы тағдырлар

Ж.Төлеу: Олар барлық сұраққа жауап беруге тырысты. Өздеріңіз көрдіңіздер, сұхбат беру барысында күйеуінен айырылғандар бар. Әрі қарай өмір сүру үшін екінші рет тұрмысқа шыққандары

көрсетілуде. Алайда кейбір кісілер «біз неге жат ағымға кеткен жандарға көмектесуіміз керек?» деген пікір айтып қалады. Оларды



радиосымен бірге «Біздің атымыздан емес» атты жобаның идея авторы және продюсері болғанмын. Сол кезде Сирияға кеткен жастар туралы бағдарлама жасаған едік. Онда біз жастардан «Сирияға кетіп, қайтып оралғандардың балаларын қоғам қабылдай ала ма?» деген сұрақ қойғанбыз. Сол кезде жастардың көбі оған дайын болмай шықты. Бірақ осы Сириядан оралған азаматтарымыз туралы фильм түсіру ойымда жүрді. Осылайша, «Медианет» ұйымдастырған жобаға идеямды ұсынып, шағын грант ұтып алдым. Соның аясында «Жусан иісі» түсірілді.

танысқан кейіпкерлер де ашық сұхбаттасуға келісім берді. Олардың кейбірі мені өздері іздеп тапты.

Jas qazaq: Сіз екі жыл бұрын осы тақырыпты көтердік делініз. Ол кезде дәл бүгінгідей қоғам тарапынан реакция болған жоқ. Ал дәл бүгінгі күнмен қарасак, Сирия тақырыбына ерекше назар аударыла бастады. Бұның себебі неде деп ойлайсыз?

Ж.Төлеу: Екі жыл бұрын Сириядан келген жастарымыз ашық сұхбатқа дайын болмады. Бір қорқыныш сезім байқалып тұратын. Ал қазір кейіпкерлеріміз ашық әңгімеге дайын. Сонымен қатар оларды ең алдымен туған-туысқандары, жақындары қабылдады. Ең бастысы, қазіргі жастар да оларды жылы

кездесті. Осы сөзді айтуға ұялғандар болды. Екінші рет тұрмысқа шыққанымызды көрсетпей-ақ қойсаңыздар деп өтініш те айтты.

Jas qazaq: «Жусан» операциясы аясында Ұлттық қауіпсіздік комитеті, мемлекеттік арналар тарапынан деректі фильмдер түсірілді. Ал сіздің фильміңіз несімен ерекшеленеді? Фильм өз көніліңізден шықты ма?

Ж.Төлеу: Мен сол кинолардың бәрін көрдім. Ал менің фильмімдегі ерекшелік — кейіпкерлерім барынша ашылды. Олар тіпті камераға ашық түсті. Басында сұхбаттасуға жүрексінді, кейін мен олармен сөйлесіп жан дүниесін түсінуге тырыстым. Фильм көңілімнен толық шықты деп айта алмаймын. Өйткені, кейіпкерлерді бұдан да аша түсу үшін кемінде бір аптадай жанында жүруім керек еді. Ал оған уақыт та тығыз, қаржы

ортаға бейімдеп, қолдау көрсеткеннен бөлек, тағы не істей аламыз? Бізден басқа қандай мемлекеттер өз азаматтарын соғыс алаңынан қайтарды?

Ж.Төлеу: Менінше, тек Сириядан келген азаматтар ғана емес, жалпы қоғамның өзі мейірімге әэру. Олар да әлеуметтік желідегі неше түрлі пікірді оқиды. Өз тарапынан айтылған жағымсыз пікірді оқу — оларға ауыр. Бізден басқа Өзбекстан, Тәжікстан секілді мемлекеттер де отандастарын қайтарды. Қырғызстан да келіссөз жүргізіп жатыр. Ал Еуропа елдері қарсы. Сондықтан өз отандастарын азаматтығынан айырды.

Сұхбаттасқан **Мақпал НОҒАЙБАЕВА**,
Фото **Галия ҚАЛИЕВА**

Нарық

Елімізде жергілікті бюджеттің ауылдық жердегі дербес бюджетін қалыптастыру толық шешілмеген түйткілге айналып тұр. Осы аптада Мәжілістегі Үкімет сағатында да дербес бюджет мүмкіндіктері қаралып, түйінді мәселелер сөз болды.

Бүгінге шейін дербес бюджет тұрғындар саны 2000 адамнан асатын 1007 кенттік, ауылдық округте және 47 аудандық маңызы бар қалада енгізілген. Алдағы 1 қаңтар айынан бастап 1338 ауылдық округ те қаражатын түгендеуге кіріседі. Бұл тұрғыда мамандар не дейді? Белгілі экономист, Қазақ технология және бизнес университетінің аға оқытушысы Сапарбай Жобаевпен сұхбатымыз осы төңіректе өрбіді.



Ауылдағы кәсіпорындардың аздығы, жастар мен әйелдер ортасындағы жұмыссыздық, жер және мүлік иелерінің нақты анықталмауы сияқты келенсіздіктер ауыл округінің табысына әсер етеді.

Менінше, бұл мәселені шешу үшін әрбір аудандағы кішігірім кәсіпорындар, жеке кәсіпкерлердің табыс салықтарынан түсетін бюджет кірісін ешқайда, яғни жоғары бюджетке жіберместен, ауылдық округте қалдыру мүмкіндігін қарастыру керек. Өйткені олардың қазіргі табысының басым бөлігі республикалық бюджетке кетіп жатыр. Мысалы, аудандық су шаруашылығының корпоративтік табыс және қосымша құн салығы облысқа, одан әрі республикаға кетеді. Егер салмақты кіріс беретін түсімнің бәрі жоғарыға кете берсе, ауылдық округті белгілі бір деңгейде қаржыландыра алмаймыз. Ал қаражат болмаған округте қандай даму болады?

ӘКІМГЕ ҚАРЖЫ КЕРЕК

сәйкес жұмыс істеп жатқан облыс, аудан, қалалардың бюджеті туралы нақты айта аламыз. Біраз уақыттан бері ауылдық округтерге де бюджет қаражатын дербес беру қарастырылып жатыр. Бұлардың алды жеке жұмыс істеуге кірісіп кетті. Айналып келгенде, барлығы жергілікті бюджетке түсетін салық түсімін бөлуге байланысты. Мысалы, әр облыстың бюджетіне түсетін салық негізінен жергілікті салықтардан және сол аумақта тұратын халықтың жеке табыс салығынан құралады.

Ал ауылдың дербес бюджетін қалыптастыратын негізгі табыс көзі — жергілікті салық. Айталық, жер кәсіпорындардың мүлік салығы, шағын және жеке кәсіпкерлердің табыс салығы, көлік сатудан түсетін салық жергілікті басқарудың маңызды кіріс көзі. Басым бөлігі — облыс бюджетін қалыптастырып, одан мәслихат шешімі негізінде аудандар белгілі бір деңгейде қаржыландырылады.

Jas qazaq: Ауылдық округтер де осы қаражаттан үмітті ғой...

С.Жобаев: Әрине, жергілікті табыстардан түсетін салық арқылы аудан бюджеті қалыптастырылады. Енді осыдан ауылдық округтер де құр қалмайды. Бірақ осыны бөлу мәселесі ең күрделі күйде қалып тұр. Себебі жергілікті бюджетті толықтыратын негізінен өңірде жұмыс істейтін адамдардан түсетін 10 пайыздық табыс салығы. Егер, облыстық мәслихат шешімімен ауданның өзіне осы табыстың аз мөлшері түссе, әрине, ауылдық округтер де қаражатқа қарық болмайды. Әр аудан мәслихаты қай округке қанша қаражат керектігін есептеп, қылдай бөліп беруі тиіс. Мұны айтуға ғана оңай.



Jas qazaq: Демек, сіз жергілікті салықты жандандыру мен тиімді пайдаланудың жолын шешу керек дейсіз ғой...

С.Жобаев: Жоғарыда айтқанымдай, жер, мүлік, көлік сату сияқты жергілікті салықтарды және жеке табыс салығының анықталған белгілі бір бөлігін жергілікті жерде қалдыру арқылы ғана дербес бюджет мәселесін оңтайлы шешеміз.

Бұл тұрғыда қазір ауылдық округтерге бөлінетін қаражатты аудандық мәслихат шешеді. Олар аудандық мәслихат депутаты болғаннан кейін аумақтың қамын ғана күйттеп кетіп қалуы мүмкін. Сондықтан, әр ауылда да халық сайлаған ауыл мәслихатын қалыптастыру қажет және

аудандық мәслихатта да әр ауылдан сайланған депутаттар отыруы тиіс. Әзірше бізде олай емес. Қазір бізде ауылға қаражат тек талап негізінде түзілген смета бойынша беріліп жатыр. Жол жөндеуге, су тартуға деген секілді. Осы секілді жергілікті түйткілдерді шешу үшін, жергілікті жерлерден сайланған, тұрғындардың өтінішін жеткізетін депутаттар болғаны дұрыс.

Ұмытпасам, елімізде 2011-2012 жылдары жергілікті басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы қабылданған. Сонда жергілікті дербес бюджетті қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Алайда бұл жұмыс өте баяу қолға алынып келеді. Ауылдардың артта қалуына осы да түрткі боп тұр. Қаражаты жоқ ауылда не істеуге болады? Құбыр жарылды, бір үй өртенді делік. Ауылдық округ мұндай жағдайда ешкімге өз бетінше көмек көрсете алмайды. Қаражат жоқ. Ауданға қарап отырады. Осы секілді сан түрлі түйін дербес бюджет толық қалыптасқанда ғана шешіледі.

Jas qazaq: Бюджетті сапалы жоспарлау және кірісті ұлғайтудың тиімді жолы неде деп ойлайсыз?

С.Жобаев: Бізге жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіруді керек. Егер де жергілікті кәсіпкерліктің табысынан түсетін қомақты қаржы осы жергілікті бюджет кірісіне түсетін болса, әкімдер шағын және жеке кәсіпкерліктің дамуына жол ашып, атсалысады. Қаражатты қанша көп тапқан сайын ауыл өркен жаяды.

Өкініштісі, бүгінгі заңнамалық негізінде жергілікті салық түсімдерінің өте аз мөлшері ғана аймақтарға кіріс келеді. Бұл мәселені депутаттар да көтеріп жатыр.

Биылғы 6 айда жүргізілген талдау бойынша 1054 ауылдық елді мекеннің 718-інің (68%) жоспарын жасау кезінде салықтық емес төлемдер бойынша түсімдерді жоспарламағаны анықталған. Бұдан басқа, ауылдардың тек 5%-ы ғана шығыстарды өз кірістері есебінен жаба алады.

Ауылды айтамыз, қазір 14 облыс пен 3 республикалық маңызы бар қалалардың тек төртеуінің ғана бюджеті өз табысымен қалыптасады (*Алматы, Нұр-Сұлтан, Атырау және Маңғыстау*), қалған 13 облыс дотациямен күн көреді. Оларға республикалық бюджеттен

орталықтандырылған трансферт арқылы жәрдем (*дотация, субвенция*) беріледі.

Осылайша, бюджетті сапасыз жоспарлау ауылдық елді мекендердің дамуына теріс әсерін тигізуде. Біз аймақтардың қаржылық жағдайының сараптамасын тек мемлекет көлемінде жарияланатын статистика жүзінде ғана жүргізбей, нақты мәселелермен шұғылдану арқылы жергілікті бюджетті қалыптастыруды және түскен қаражаттарды тиімді жұмсау арқылы ауылды көтере аламыз.


Jas qazaq: Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан **Жолдасбек ДУАНАБАЙ**

Инфографика

ЕАЭО ЕЛДЕРІМЕН ТАУАР АЙНАЛЫМЫ

(млн доллар)



Дереккөзі: BaigeNews.kz

(Басы 1-бетте)

Ықылым заманнан бері халқымызбен бірге жасасын келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың да шыңыраудан шығра тартқан арқау жібі босаған. Қазақылығы мықты ортадан келген жұрт жергілікті елдің тілін сындырып, тіршілігіне ұлттық нақышты ұялатар еді.

Бұл өңірдегі шағын ауылдардың шымбайына батып тұрған дүние — білім ошақтарындағы бала санының аздығы. Ауыл тағдырының тамыры да осыған байланысты. Мектеп жабылса, шықпа жаным, шықпа деп қалт-құлт етіп отырған ауылдағы мұғалімдер жұмыс іздеп қоныс аудармақ. Азын-аулақ баланың дұрыс білім алуын ойлаған ата-ана да көш қамына кіріседі. Міне, осындай себептермен талай ауылдың шаңырағы шайқалды.

Бағдарламаның біз байыптаған бағыты осындай. Бірақ, өкінішке қарай, үлкен үмітпен, ауқымды

жердегі бір-екі серіктестікте уақытша жұмыс атқарғанымен, тұрақты жұмыс таба алмай пұшайман болып отыр.

— Балаларымның үлкені — мектеп оқушысы, кенжеміз алты айлық, — дейді ол, — қамданып көшер алдында зайыбым бізге берілетін баспананың ыңғайын, келешекте қоныс етер ауылдың тұрмысын байқап көрелікші деген сөзіне мән бере қоймап едім. Бара білеміз дегенмін ғой, қазір соған өкінемін. Алғашында мемлекет тарапынан көмек берілді. Бағдарлама шеңберінде бір миллион теңгеден астам демеу қаржы мен отбасымның әр мүшесіне төленетін көмекті де алдық. Бұдан бөлек, алты балама ай сайын 80 000 теңге көлемінде жәрдемақы алып келіп едік, биылғы жылдың маусым айында аудандық жұмыспен қамту орталығы белгісіз бір себептермен бұл төлемді тоқтатып тасталды.

Көпбалалы отбасы баспананың да тарлығынан қысылып-қымтырылып отыр екен. Бағдарлама бойынша берілген үйде көктемгі су тасқыны кезінде су шайып кетіп, қазір әбден қаусап

тоқымдай жерге қияр еккен. Көп-көрім өнім беріпті. Ал тәбет шақыратын таза сүтке көршілердің көңілі ауған. Бүгінде жергілікті межемен мөлшерлегенде тәп-тәуір табысты болып отырған «Даир Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі алғашқы қадамын ауылдастарының сұранысына орай осылай бастапты.

Жалғыз сиыр қырыққа жеткен. Қазір сүт, қаймағын ауылдастары таң сәріден талап алады. Тоқымдай жердегі жылыжай 0,7 гектарға ұлғайыпты. Аумағы ат шаптырым жылыжайдың ішінде қияр самсап тұр. Үзіліп алынып жатыр. Тұтынушының ақ дастарханына жетіп жатыр. Біздің өңірде қат көкөністі қылтиып көктеген соң құлағынан тартып шығаратындай ыждаһаттылықпен өнімді жұмыс жүріп жатыр.

— Қазір қалалық жерде табиғи таза өнім қасқалдақтың қанындай тапшы болып кетті ғой, — дейді серіктестіктің қаржы жөніндегі орынбасары Қарлығаш Тілеуова.

KÓKEIKESTI



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Жұмысшылардың еңбекақылары 110-115 мың теңгеден айналуға. Аудан орталығы үшін тәп-тәуір жалақы.

Ырыс та ұмтылғанға үйіріледі-ау. Алғашқы жылы өнім көлемі онша көп болмаған. Былтыр 15 тонна қияр өндіріпті. Биылғы жылғы меже 20 тоннадан асыру. Ерте көктемде солтүстікте қияр бағасы түсе қоймайды. Өйткені дәл осындай жылыжай салып, жұмыла жұмыс істеп жатқандар жоққа тән. Жаз ортасында бірер ай баға төмендегенімен, қоныр күзде қайта шарықтап кетеді. Қазір серіктестік сауда орындарына қиярдың келісін 350 теңгеден тапсырады екен. Көкшетаудың орталық базарында да өнімдерін сататын орындары бар.

Алдымен Степняк қаласынан өз қаражатына, екі миллион теңгеге үй сатып алған. Орталықтағы, кора-қопсылы, еңселі үй екен. Осы үйді кепілдікке қойып, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы бес жылға 5 миллион теңге несие алған.

— Қор мамандары малдың қандай бағытта екендігін де есептейді. Мәселен, мен етті тұқымға ансарым ауып отыр, — дейді малсақ жан, — бірақ бәрін бірден асыл тұқымды қылу қиын шаруа. Олар қымбат қой. Мен өз төлі есебінен мал басын көбейтсем деймін. Осы оймен жергілікті тұқымнан 19 сиыр сатып алдым. Асыл тұқымды ақбас бұқам бар. Қазактың ақбас сиыры баға жетпейтін түлік қой. Ғалымдардың есептеуіне қарағанда, сіңіре будандастыру арқылы төл тұқымын жақсартқанда төртінші айналымда таза асыл тұқымды болып шығады екен. Сәтін салса оған да жетерміз.

Жұмыс дегенде жанып тұрған жас жігітке сәттің оралмайтын несі бар. Алдағы уақытта жалғыз мал шаруашылығы ғана емес, жылыжай салып, бау-бақшамен айналыссам деген де ниеті бар. Несиеге алған 20 бас қара малды бір қыстатып шығарған екен. Тек жем-шөп жағы қымбаттау. Оның үстіне шабындық, жайылымдық жері жоқ.

— Бұл мәселені біз өте жақсы білеміз, — дейді аудан әкімі Ермек Нұғыманов, — жалғыз Тастамбековтер ғана емес, аудандағы бірқатар ұсақ шаруа қожалықтарының басында бар жай. Қазіргі уақытта біз аудандағы бос және пайдаланылмай жатқан жер көлемін анықтау үстіндеміз. Шаруа қожалықтарының басшыларын жинап кеңес өткіздік. Шынын айтқанда, жер жетеді. Бұрын ата-бабамыздың жайлауы болған Көксенгірдің кең көсілген даласы бар. Бұл шешілетін мәселе.

Үш ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған Лаура Омарова он саусағынан өнер тамған тігінші екен. Өзінің айтуына қарағанда, терезенін пердесінен бастап, қалыңдықтың көйлегіне дейін тігеді. Көшіп келген соң шағындау ғимаратты жалға алған. Мұндай шебер қасқалдақтың қанындай қат өңірде жақсы аты бірден шыкса керек.

— Қазір жұмыс уақытын былай қойғанда, өтініштерін айтып сенбі-жексенбі табалдырықты босатпайды, — дейді тігінші, — әсіресе, мектеп бітіруші жастар. Олардың талғамы да жоғары. Бірінікі біріне ұқсамауы керек. Маталары да әркілі болуы шарт. Сондықтан, шығармашылықпен жұмыс істеуге тура келеді. Көптің көңілінен шығу оңай емес қой.

Алғаш кезіккенде көптен бері көзі таныс адамдай ақтарыла сөйлеген Әбдірахым жана жерді жатырқаған жоқпын дейді. Көрші-қолаңмен аяқ-табағы араласып кеткен. Олар да шаруаның ыңғайына орай ақыл-кеңестерін айтып, демеп қояды екен. Салт-дәстүрдегі сабақтастықтың тігісін жатқызып, рухани көкжиекті кеңейте түсуге септігін тигізуде. Қанша дегенмен, қазақылығы мол оңтүстіктен ескен жылы лептің шөкімдей бір шуағы емес пе?..

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола

ОҢТҮСТІКТЕН

жоспармен жүзеге асырылмақ болған әдемі ойды кейбір жай бұзып тұр. «Көппен көрген ұлы той» деп солтүстікке бет бұрған талай ағайынның көші қантарылып, беті қайтқан жайы бар. Бұл туралы көп айту да қиын-ау. Арыдағы жүгін қамдап отырған ағайынның көңілі май ішкендей кілкілді емес пе? Алайда олқылықтың орнын толтыру мақсатында кемшілік пен жетістікті көңілі таразысына салып, безбендеп айту парыз.

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданындағы Ақсары ауылына ат басын тіреген Абдулөзиз Әсетолланың көмек сұрап бармаған жері, қақпаған есігі жоқ.

«Ел қозғалған соң біз де бағымыз жанып, бақытымыз үстем болар жер ғой деп солтүстікке қоныс аударған едік. Бірақ алғашқы күннен бері азаптан арылмадық», — дейді ол.

Былтыр Ордабасы ауданынан көшіп келген Абдулөзиз Әсетолла шиегтей алты баланың әкесі. Зайыбы Гүлім мектепте мұғалім болып



ЕСКЕН ЖЫЛЫ ЛЕП

БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША БЕРІЛГЕН ҮЙДЕ КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ СУ ШАЙЫП КЕТПІ, ҚАЗІР ӘБДЕН ҚАУСАП ҚАЛҒАН ҮЙДІ ПАНАЛАУҒА МӘЖБҮР. ІШІ ДЫМ ТАРТҚАНДЫҚТАН, ШИЕТТЕЙ БАЛА-ШАҒАНЫҢ СЫРҚАТТАНУЫ ЖІІ. ӨЗДЕРІНІҢ АЙТУЛАРЫНА ҚАРАҒАНДА, АУДАН ӘКІМДІГІ МЕН ТИІСТІ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА ХАЛ-АХУАЛДАРЫН АЙТЫП КӨМЕК СҰРАҒАНЫМЕН, ӘЛІ ЕШҚАЙСЫСЫ ЖӘРДЕМ ҚОЛЫН СОЗАР ЕМЕС. ОСЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ АҚЖАР АУДАНЫНДАҒЫ ҰЯЛЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ҒАДІЛЖАН КЕҢБАЕВҚА ХАБАРЛАСЫПТЫ. ӘЙТСЕ ДЕ, ӘКІМНІҢ ЫҚЫЛАСЫ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ТҮСПЕЙ ОТЫР.

қызмет еткенімен, қолына тиетін жалақысы алпыс мың теңгенің төңірегінде. Өкінішке қарай, ол қаражат отын-көмір алуға, күнделікті тіршілікке талғажау етуге жетпейді. Солтүстікте қыс ұзақ. Табаны құрқетей алты ай пеш жағу керек. Алтыншы баласымен бала күтіміне байланысты үйінде отырған Гүлім жәрдемақысын басына тартса аяғына, аяғына тартса басына жеткізе алмай әуре. Отағасы Абдулөзиз әуел баста жергілікті

қалған үйді паналауға мәжбүр. Іші дым тартқандықтан, шиегтей бала-шағаның сырқаттануы жиі. Өздерінің айтуларына қарағанда, аудан әкімдігі мен тиісті мекеме басшыларына хал-ахуалдарын айтып көмек сұрағанымен, әлі ешқайсысы жәрдем қолын созар емес. Осы мәселе жөнінде Ақжар ауданындағы Ұялы ауылдық округінің әкімі Ғаділжан Кеңбаевқа

хабарласыпты. Әйтсе де, әкімнің ықыласы әлі күнге дейін түспей отыр.

II. КӨШІ КӨЛІКТІ БОЛҒАНДАР

Бұл күнде бар шаруасын дөңгелетіп отырған кәсіп иелері Тілеуовтер осыдан бірер жыл бұрын Ақмола облысының Зеренді ауылына көшіп келгеннен кейін ең алдымен өздері табиғи, таза азық тұтынбақ болып, жалғыз сиыр сатып алған екен. Үйдің жанында

— Біз алдымен осыны ескердік. Тұтынушы іздеп ешқайда сабылған жоқпыз, құлақтанған жұрттың өзі келіп жатыр. Аудан орталығындағы 25 дүкенмен келісімшарт жасалдық. Өнімді өндіру бір бөлек те, өткізу де өзекті мәселе ғой. Бұл орайда бізге аудан әкімдігі көп көмек көрсетіп отыр. Өткен күзде жергілікті кәсіпкерлердің өнімдерін насихаттаған үлкен шара ұйымдастырылды. Сол жерде жарнама жасалды. Ісіміздің алға басуына осындай қамқорлық себепші болып отыр.

Жылыжайға наурыз айының басында қияр егіп тастаған екен. Тамшылата суарылады. Ал тынайтықшықа ешқандай химиялық заттар қолданбайды, бәрі табиғи. Көнді, қайынның күлін пайдаланады.

— Бапталған өнімнің өзі беп-белгілі болып тұрады ғой. Алғашқы жолы қиярымызды алып, әлдебір дүкенге бардық, әріптес болайық деген ұсынысымызды айттық, — дейді серіктестік басшысы Нұрлан Дайырұлы, — сатушы келіншек қазақтың қияр еге білегініне күдіктенген тәрізді. Кесіп көрсеттік. Сөлі ағып тұр, ал хош иісі дүкеннің ішін алып кетті. Содан кейін дүкен иелері өздері келе басталды.

Қазір серіктестік 10 адамға тұрақты жұмыс беріп отыр.

Қазір салы суға кетіп, жұмыс жоқ деп сылтау айтатындар жыртылып айырылады. Зеренділік кәсіпкердің қияр егіп, қаймақ былғап отырған ісін соларға үлгі болу үшін айтқымыз келгені.

Екі қолға бір күрек қашанда табылады. Арыдағы істің жөнін білетіндердің «қолы қимылдағанның аузы да қимылдайды» деп айтуы тегін емес. Төрт түлік мал өсіріп, берекеге бет бұрып отырған жанның бірі — оңтүстіктен Көкшенің баурайына көшіп келген Тастамбековтер отбасы.

Ел ішінде адал еңбегімен табысқа жетуге талпынғандар туралы сұрастырғанымызда, алдымен шаруасына тастай берік Тастамбековтер отбасы туралы жан жалдыратар жылы лебіз естіген болатынбыз. Әдейілеп іздеп бардық. Отағасы Әбдірахым осыдан екі жыл бұрын Сарыағаштан көшіп келіпті. Қазір жана жерге орнығып, оның-солын аңдап, тастай батып, судай сіңіп кеткен.

Сөз мәміне қарағанда, бұрын мал шаруашылығымен білек сыбанып айналысып көрмепті. Жана жерге табаны тиген соң өңірдегі түгін тартса майы шығатын жасыл жон, жайқалған алқапты көріп, нағыз мыңғыртып мал бағатын-ақ жер екен деп көңіліне бір түйіп қойған.

ФотоШОК

ФРАНЦИЯ:



Демократия үшін деп еді...

БОЛИВИЯ:



Билікті ауыстырған соң...

ИРАН:



Қымбатшылық қыспағы

Көзқарас

Түркістанның облыс орталығы болып, Түркістан облысы атанғанына, міне, бір жыл толып отыр. Түркі дүниесінің қайнаған қазаны саналатын қасиетті мекен бүгінде адам танымастай өзгеруде. Жаңа ғимараттар мен көз тартар нысандар ерекше ажар бере түсуде. Бір жылдың ішінде атқарылған іске баға беріп, алда атқарылар іске ой-талқысымен бөліскен танымал тұлғалар мен қоғам белсенділерінің пікірін ұсынғанды жөн көрдік.

Айгүл АЙТЫШЕВА,
ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ

ТҮРКІСТАН – ТАРИХИ ШАҺАР

Түркі жұртының рухани ордасы Түркістан жайлы пікір орбіту онай дүние емес. Жүздеген жыл тарихы бар қасиетті мекен тек қазақ халқының байлығы саналмайды. Күллі түркі әлемінің мәдени-рухани астанасы, төрткүл дүние көз тіккен жәдігер болып табылады. Қойнауы қазынаға толы аймақ әр дәуірде еліміз үшін шешуші рөлді ойнаған. Хандар ордаларын тіксе, билер төреліктерін айтқан. Батырлар қан төгіп қорғап, жыршы-ақындар әуезді әнін әуелеткен. Сондықтан Түркістан туралы жалпы ой қозғау өте қиын іс.

Бергі шеті барша жұрт аузында жүрген Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың кесенесі менен мол мұрасы, арғысы Әбу Насыр әл Фараби бастаған 33 ойшыл шыққан Фараб қаласы, көне Отырар мен «Ақ мешіт әулие» үңгірі, Қасиетті Домалақ ана мен Укаша ата кесенелері сынды көптеген көне орындар адамзат тарихының кесектей бөлігін алып жатқан алтын кезеңдерінің бөлшегі деп білемін.

Баршамыз білетіндей, өткен жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Түркістан облысын құрып, орталығын Түркістан қаласына көшірген болатын. Бұл тарихи шешімді жастар ерекше ынтазарлықпен қабылдадық. Себебі өткенмен сабақтасқан шаһардың келешек келбетін келістіріп, оны алдағы ширек ғасырда әлем қаласы қылу — біздің қолда. Бүгін бір ұлтымыз үміт артып отырған кезеңде біздерге артылған сенім, тіпті сол өңірде де ерекше байқалады. Оның айқын бір дәлелі — түрленген Түркістанда бой көтерген алғашқы ғимараттар қатарында аймақ жастарының орталығын атауға болады. Барлық заман талабына сай жасакталып, салынған мекеме жастардың зерек ойларын ұштап, алғыр істерін ілгерілетуге мүмкіндік беруде.

Түркістан — тарихи шаһар болғанымен, оның болашағы жарқын. Облыс орталығы атанып, қайта аталуы өңірге жаңа серпін беріп қоймай, өркениет көшінде топ ілгері жылжуға да мол мүмкіндік ашарына деген сеніміміз мол.

Ләззат БАЙЖІГІТОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пені бойынша жоғары санатты мұғалім, оқу-әдістемелік құралдары мен білім бағдарламаларының авторы

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ӨНІРІ

Тарих — өткенмен үндесетін, бүгінге сабақ, келер ұрпаққа аманат болатын құнды ұғым. Қазақ халқының тарихының терең, түбінің мазмұнды болуы сол тарихтан сыр шертетін көне жәдігерлер мен қорымдардың, кесенелер мен ескерткіштердің көптеп орналасуынан болса керек. Тастағы жазулар алғашқы аламдардың қолтанбасы болса, солтүстік өңірден табылған жылқы сүйектері мен ат өзбелдері біздің дала халқының ежелден ат үйретіп, мал ұстағандығын дәлелдейді. Сол секілді көне дәуір мәдениетінің озық үлгісі ретінде осы күнге дейін сақталып келген Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени қорымдар,

Түркістан қаласының өзі ғасырға бергісіз мол мұрамыз. Ежелгі заман тарихынан бері бүгінге дейін отырықшылық кезеңнің озық үлгісін көрсетіп,

қала атануы үшін тек осы бір шешім жетіспей тұрды. Ал жалпы қала экономикалық жағынан болмасын, әлеуметтік жағынан болмасын, тіпті, стратегиялық маңызы бойынша да толық даяр еді. Халық тығыздығы туралы айтпасақ та түсінікті деп ойлаймын. Келесі бір мәселе облыстың өзге аудандарына туындаған мүмкіндіктер. Олардың экономикалық тұрғыдан айтарлықтай тың бастамалар көтеріп, ілгері жылжуына әсер етті. Тіпті, облыс болған

орталығын Түркістан қаласына көшіру туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл тарихи шешім көптің көңілінен шығып, бір қуантты. Себебі еліміздің болашағы менен рухани жаңғыруымыз үшін жасалынған қадамдар халқымызға қашанда жағымды болмақ. Түркістанның болашақта экономикасы терең мәдениеті менен ұтымды туризмі арқылы одан да дамып, жақсы көрсеткіштерді көрсетеді деп ойлаймын және ол үшін бүгінде барлық жағдай жасалуда.

Еліміздің терең тарихына қызығушылық білдіретіндер жетерлік. Біздің байтақ жерімізді, табиғатымызды, салт-дәстүрімізді көру үшін адамдар шет мемлекеттерден келіп, танданыстарын жасырмауда. Демек, Түркістанның туризмінің болашағы зор.

Түркістан облысы ресми түркі әлемінің «мәдени астанасы» болып аталды. Бұл шешім, түрік елдері мәдениетінің халықаралық ұйымы Түріксоидың Әзірбайжанда өткен Тұрақты кеңес жиналысында қабылданды.

Бұл шешім қасиетті мекеннің келешек тарихи-мәдени статусын көтерудің нышаны болды. Біздің халқымыз үшін ол үлкен құрмет деп түсінемін.

Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар — рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Киелі Қазақстан» кіші жобасы негізінде тарихи қазынамыз Түркістанның экономикасын көтеріп, оның гүлденуіне үлес қосып отырған азаматтардың да еңбегі орасан. Бүгін бір ұлтымыз осы бір киелі мекеннің одан әрі дамуы үшін еңбек етер болса, болашақта мәртебелі шаһарымыз ұлтымыздың мақтанышы болары сөзсіз.

Қаланың жаңа келбеті өңірді келесі бір деңгейге көтерері сөзсіз. Ісіне адал һәм байыпты азаматтар барда Түркістанның болашағы жарқын болады деп сенемін.

Медет ЖОРАБЕК,
«Ұлағат ұландары» студенттік педагогикалық отряды» ҚБ президенті, «Самғау» жастар сыйлығының иегері

КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ҚАЛА

Түркістан жайлы ой толғату онай іс емес. Оның тарихын, мәдениетін, саяси және экономикалық қырын бір шағын пікірге сыйдыру мүлдем қиын шаруа. Себебі Түркістан тек ұлтымыздың ғана емес, бүгін бір түркі дүниесінің бойтұмары. Онда қазақ хандығының данқты батырлары мен атакты қолбасшылары, хандары мен билері жерленген. Халқымыздың арасында Әзірет сұлтан деп танылған түркі елдері арасында аса танымал, діни ғалым, ислам дінінің көрнекті өкілі бір ғана Қожа Ахмет Яссауидің кесенесінің өзі керемет сәулет өнері ғана емес, рухани азық алар керемет мекенге айналған. Орта ғасырлардың озық өнертапқыштарының арқасында Шығыс моншасы салынып, алғашқы көріз құбырлары жүргізілген жерде осында. Сондықтан да Түркістан туралы тек бетін сүзіп, жүйесіз ой тарқату қате деп білемін. Жалпы, өңір Түркістан облысы болып аталып, орталығы Түркістан қаласына көшірілгеннен бері бір жылдан сәл асса да, аз ғана уақыт ішінде біршама істер атқарылып үлгерілді. Еліміз Үкіметі мен Түркістан облысы әкімдігінің бірлескен әрекеттерінің арқасында қаланың бас жоспары бекітіліп, облысты дамыту бойынша арнайы бағдарлама әзірленді. Түркістан қаласының Қазақстанның өзге де жетекші шаһарларының қатарына қосу бағытында мегажобалар қолға алынуда. Халықаралық әуежай, су жаңа сапаржай мен темір жол бекетінің құрылыстары басталды. Тарихи мемориалдық кешендер мен ғимараттар қайта өңделіп, қалада шығыстық стильге негізделген нысандар салынуда. «Ұранымыз бірлік» екенін дәлелдеген өзге облыстар қалада бір-бір ғимараттан салып, сыйға тартуда. Елімізден және шетелден инвесторлар тартылып, экономикалық тұрғыдан да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мұның барлығы тек алғашқы жылдың еншісіндегі шаруа. Алдағы он жылдықта Түркістан адам танымастай көрікке ие болып, елімізді алға сүйрейтін жетекші облыстардың біріне айналарына сенімім мол.

Дайындаған
Бекарыстан НҮРЛАНҰЛЫ



сол уақыттарда мекен еткен жұрттың өз заманының алды болғандығын дәлелдейтін жәдігерлерге толы Түркістан — түркі дүниесінің рухани астанасы болып табылады.

Өз қойнауында хандарымыз бен билеріміздің, сұлтандарымыз бен бектеріміздің, батырларымыз бен абыздарымыздың қорымы жатқан құтты жер қазақ халқы үшін құнды аймаққа жатады. Рухани азық іздеген жұртшылық Арыстан баб пенен Қожа Ахмет Яссауи кесенелерін жағаласа, тарихқа сапар шеккісі келгендер атакты Отырар қаласына аттанып, сан акын жырлаған кереметті өз көзімен көруге асығады. Содан болса керек, 2018 жылдың 19 маусымында Тұңғыш Президентіміз — Елбасы Н.Назарбаев Оңтүстік Қазақстан облысының орталығын Түркістан қаласына көшіріп, Түркістан облысы деп қайта атау туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл біріншіден, тарихқа деген құрмет, екіншіден, халық мәртебесін асқақтату болса, үшіншіден, болашақта туризмнің қайнаған ортасына айналдыруға деген алғы шарт деп түсінемін. Бір жыл ішінде атқарылған іс аз емес, алдағы жоспар да айқын. Дей тұрғанмен бүгін бір ұлтымыздың өткенінен сыр шертетін қасиетті орданың түпкілікті ажары жоғалмай, бүгінмен үндесе отыра дамыса, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

Жанұзақ АЙТАН,
жеке кәсіпкер, қолданбалы технологиялар бойынша сарапшы маман

АЙТҚЫСЫЗ ӨЗГЕРЕТІН АЙМАҚ

Түркістан облысының құрылып, Түркістан қаласының облыс орталығы болуы негізінен өте орынды шешім деп білемін. Бұл туралы көптен айтылып, талқыланып жүрген болатын. Алайда ақырғы нүктесін өткен жылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы қойып, арнайы Жарлық қабылдап, көпті бір қуантып қойды. Әуелі бұл шешімнің Шымкент қаласы үшін маңызын атап өткен абзал. Себебі республикалық дәрежесі бар

алғашқы жылының өзінде бес бірдей жаңа аудан бой көтеріп, ерекше маңызға ие болып отыр емес пе?! Ал Түркістан қаласының облыс орталығы болуы — тарихи қадамдардың бірі. Себебі Түркістан кезінде хандарымыздың ордасы болды. Мың жарым жыл тарихында небір айтулы оқиғаларды басынан өткерді. Мұнда бүгін бір өркениеттің қайта түлеген кезеңдері де орын алды десек артықтық болмас. Бертін келе ел болып, бесігімізді түзеген шақтың өзінде түркі елдерімен қарым-қатынас орнатуда алтын көпірімізге айналды бұл шаһар. Бүгінде қарқынды құрылыс орталығы болып отырған Түркістан қаласы алдағы уақытта адам айтқысыз өзгереді дейді. Әрине, жақсы жағынан. Бастысы қаланың тарихи бейнесі сақталып қалады екен. Ғимараттар шығыстық дизайнға негізделіп, ұлттық нақышта салынбақ. Қазірдің өзінде шетелдік инвесторлар қызығушылық білдіріп, ауқымды жобаларды бастауды қолға алуда екен. Облыс шағын және орта кәсіп иелеріне де ұтымды әрі пайдалы ұсыныстар тастап, жағымды жағдай қалыптастыруда. Біз секілді шағын кәсіп иелеріне бұл таптырмас мүмкіндік деп түсінемін. Болашақта Түркістан еліміздің бетке ұстар облысына айналады деп толық сенемін.

Гүлшат МҰСТАФИНА,
Қызылорда облыстық консультациялық-диагностикалық орталықтың клиникалық-диагностикалық зертхана бөлімшесінің меңгерушісі

ӨТКЕН КҮННЕН БЕЛГІ КӨП

Түркістан қаласы Қожа Ахмет Яссауидің кесенесімен белгілі. Бұл кесене сәулет өнерінің озық үлгісі, әрі қазақ билеушілерінің, діни тұлғалардың, батырлардың, ұлы тұлғалардың жерленген орны.

Өткен жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Оңтүстік Қазақстан облысын Түркістан облысы деп қайта құру және облыс

Қылмыс

Тараз қаласында №6 орта мектепте болған тосын оқиға жұрттың наразылығын тудыруда. Қазір осы жағдайға байланысты 11 адам жауапқа тартылыпты. Бұл туралы облыс әкімдігі хабарлады.

36 жастағы азғыннан қорлық көрген 7-сынып оқушысы ауруханада ем алуда. Ал тал түсте болған оқиға білім ордасында мүлде бақылау жоқтығын көрсеткен. Мұғалімнен бастап, кезекші, полиция қызметкері де аулада не болып жатқанын білмей қалуы сұмдық жағдай екені шындық. Осыдан кейін жалпы білім беретін мекемелерге бекітілген кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік инспектор, полиция майоры Н.Рысбаев жұмыстан шығарылды. Мектеп директоры Л.Сманова жұмысынан өз еркімен босатылған. Мектеп вахтері Г.Нұршабаева, директордың құқық жөніндегі орынбасары А.Өзбекова, әжетханаға сұранған оқушыны босатқан физика-математика пәнінің мұғалімі В.Ким, кезекшілікке жауапты мұғалім Б.Байқұлова да қызметінен шеттетілді.

Тараз қаласы полиция басқармасы қызметкерлері — полиция полковнигі С.Мамытбеков, полиция полковнигі Д.Мұсаев, полиция подполковнигі Н.Төлеуішов, ювеналдық полиция жұмысын ұйымдастыру жөніндегі аға инспектор, полиция майоры Е.Юринаға қатаң сөгіс берілді. Сонымен қатар облыстық білім басқармасының басшысы Рахия Тұрмаханбетова да өз еркімен жұмыстан кетті.

Жамбыл облысының әкімі Асқар Мырзахметовтің тапсырмасымен білім ордаларында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі кемшіліктерді анықтау, мектеп инспекторлары мен бейнекамералардың жетіспеушілігі, оқу орындарының аумағында қоршаудың, санитарлық жабдықтардың болмауын анықтау және басқа да мәселелер бойынша полиция департаментімен арнайы жұмыс тобы құрылды.

Полиция департаментінің бастығы Арман Оразалиевтің айтуынша, мектеп торыған азғын бұрындары да түрлі қылмысы үшін сотталған. Енді ол тағы да 30 жыл арқалайтын болады.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Әттеген-ай!

Күз түсе Алматының ауасы өзгереді. Алатау өтегі көк түтінге бөге бастағаны бірден байқалады. Ал соңғы 3-4 күнде көміртегі оксиді мен азот диоксидінің көлемі шекті шамадан асып кетті. Бұл туралы «Хабар 24» телеарнасы хабарлады.

«Қазгидромет» мамандары бұл маусымдық кезеңге тән құбылыс екенін айтады.

Қаланы тұмшалаған қою түгін көзге бірден шалынады. Тұрғындар лас ауаға көз үйретіп, қолканы қапқан иісті де елемейтін болған. Алайда соңғы кездері атмосфералық ауаның жағдайын бақылайтын 16 бекеттен алынған мәлімет ластану деңгейі шекті шамадан б есеге артқанын анықтады. Алайда ауадағы зиянды қалдық мөлшері шамадан 10 есеге артып, бұл жағдай 2 тәулікке созылса, дабыл қағылады



екен. Мамандар соңғы 10 жылда қалада мұндай жағдай тіркелмегенін айтады.

«Қазгидромет» АҚ жетекші инженері Әсел Рысқұлова: «Алматының Бостандық, Түркісіб, Жетісу, Медеу аудандарында қалқыма бөлшектері — 2,5. Бұл деген шектен шамалы ғана асқанын көрсетеді», — дейді.

Өкінішке қарай, қараша айынан бастап қала ауасы қатты ластанды. Ал жер үйлерде қатты отын көп жағылатын, көліктер кептелісте ұзақ тұратын қыстың күндері ауа сапасы, тіпті нашарлайды. «Қазэкология» ЖШС-нің сектор жетекшісі Сұнқар Жолдыбайдың айтуынша, ауа жылдан-жылға нашарлауда. Бірінші кезекте автокөліктің жылдан-жылға көбеюі жағдайды ушықтырып отыр.

Адам қай дәуірде өмір сүрсе де, қандай кәсіпті мансұқ етсе де, оның өмірдегі орны ел алдындағы еңбегімен, артында қалдырған ізімен өлшенері белгілі. Бұл – ғұмырдың ұзақ болуына немесе қысқалығына тәуелді емес. «Қанша өмір сүргенің емес, қалай өмір сүргенің маңызды», – деп Сенека Луций Анней (Кішісі) айтқандай, ұғым екені рас. Солай десек те, бергенінен берері көп азаматтардың бұл фәниден «аһ!» ұрғызып ерте көшкенін көргенде, өзегіңді өртер бір «өттеген-ай!»-дың маза бермейтіні және рас. Бұл жағдай, әсіресе елдің еркесіне айналған өнер адамдарынан айырылып қалған кезде жиі ұшырасады. Өнердің өзгелерге шапағаты мол болғанымен, өнер адамына ауыртпалығы мен азабы аз емес, құлағаныңды күтіп тұрар тұңғық тәрізді. Таңдаулы дарындылар ғана соны соқпақ салса ғана өте алады, болмаса тұңғыққа кеткенің. Халықтың ұлттық қасиеті мен бала мінез ерекшелігін бойына сіңірген, алыптардай аңғал, ақкөңіл әрі дарынды актерлеріміздің бірегейі Уәйіс еді. Әр халықтың ұлттық ерекшеліктері мен рухани байлығын, мәдени деңгейін өнер адамдары арқылы тереңірек танып білуге болады. Халықтың: «Алып адам аңқылдақ, баладай аңғал келеді» деген даналығына ұстазы Ыдырыс аға мен дарынды шәкірті Уәйістің сахналық кейіпкерлерін кино мен бейнетаспалардан көрген сайын көзің жете түседі. Мен үшін бұл есімдер өнер адамдарының рухани асыл қасиеттері мен ұлылығын, даналық пен дарындылығын дәріптеп, бар ғұмырын сахна өнерінің дамуына арнаған тұлғалар болатын.

жазылған «Қоштасу әні» Уәйістің орындауында мәнсапкорлардың бар болмысын ашып беретін кереметтей көрініс болып, көрермендердің көңілінде қалды.

Уәйістің актерлік қыры кино мен телекойлымдар арқылы да көрерменін тәтті еткен кейіпкерлер ретінде де өз бағасын алған ерекше бейнелер еді. «Тамаша» ойын-сауық отауындағы аккөңіл, аңқылдақ бала мінезді бейнесін көрермендер ешқашан ұмытпақ емес. Ер мінезді Уәйістің сахнадағы батыр тұлғалы кейіпкерлері, кино мен телекойлымдардағы образдары бұл күндері қайталанбас бейнелер ретінде тарих қойнауына еніп кетті. Олар енді театр мен өнер

RÝHANIAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Әнуар Боранбаев: «Сені жұрттың бәрі таниды, ақшасыз-ақ үйіне жеткізіп салады», – деп, көк тиынсыз қалдырады. Бірде, спектакльден соң үйіне жеткен Уәйіске түнгі он екілер шамасында Бекжан Тұрыс кемпірдің дауысына салып телефон шалады. – Әлә, Уәйіс баламның үйі ме екен? Мен ауылдан Күршімнен келген Пәленше деген апан боламын. І Алматының вокзалында тұрмын. Көтерген екі мөшек етім бар. Сенің үйінді таба алмай қиналып қалдым, – деп, жыламсырайды. Уәйіс «Пәленшенің» кім екенін есіне түсіре алмаса да:

– Мен қазір таксимен барамын, күте тұрыңыз, – деп

ТҮН ОРТАСЫНДА КЕМПІР ІЗДЕГЕН

Әзірбайжан Мәмбетов Ыдырыс ағаның Қобыланды (*М.Әуезов «Қарақытшақ Қобыланды»*), Есен (*М.Әуезов «Еңлік-Кебек»*), Қален (*Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер»*), «Сұбанқұл» (*Ш.Айтматов «Ана-Жер ана»*) тәрізді тұлғалы барлық рөлін Уәйіске сеніп тапсыруында, екі актердің (*ұстаз бен шәкірттің*) бойындағы тұлғалық пен даралықтың ортақ қасиетіне сенім артқанын аңғару қиын болмас.

Уәйіс менің алғашқы режиссерлік жұмысым – Оралхан Бөкейдін «Текетіресіндегі» белгісіз кейіпкерден

Уәйістің қай рөлін алып қарасаңыз, бала мінез, тазалықты байқауға болады. Елдік ұғымды, жерге деген сағынышты аңғарасыз. Мысалы, «Белгісіз» бейнесін алып қарайық: онда қызыл империяның қыспағынан шекара асқан адамның, түнделетіп, басын қатерге тігіп, дүниеден өтер шағында туған жерін бір көріп кету үшін келген жанның трагедиясын Уәйіс үнсіз аққан көз жасымен кереметтей әсерлі жеткізсе, Ұзақ рөлі арқылы ел, жер, ұрпақ тағдыры туралы ұғымдарды күрескерлік деңгейге дейін көтереді.

таксилетіп, Алматы І вокзалына барып, іздеп «пәленше» апаны таппай, амал жоқ үйіне келсе, тағы телефон шырылдайды:

– Әлә, Уәйіс баламның үйі ме екен?

– Ой, апай, мен сізді іздеп таппай келдім, қайдасыз?

– Қайдасы несі, сол баяғы вокзалында отырмын. Құдай-ай, ұры-қарысы көп қаласына қайдан ғана келіп едім... Аласып, өлді деген атқа қалатын болдым-ау!.. – деп, зарлап жыйлай жөнеледі.

– Ой, апай, жыламаныз, қазір барып тауып, алам. Сол жерде милиция пункті бар, сол жерге барсаңыз, ешкім тиіспейді. Мен сізді сол жерден табамын! – деп, түнгі үштен қете қайта вокзалға жөнеледі. Баралы, іздейді, кісілерден, милициядан «Екі мөшек ет көтерген апаны көрдіңіздер ме?» – деп, сұрастырады. Таппайды. Қатты қапаланып, «елден келген үлкен кісіге көмектесе алмағанына» өзін кінәлі санап, үйіне оралады. «Жөн білетін біреуге жолыкса, мені театрдан табатынын айтып жөн сілтер», – деген ойымен театрға келсе, алдынан Бекжан кемпірдің жыламсыраған дауысына салып қарсы алғанда, Уәйіс не күлерін, не ашуланарын білмей: «Ой, сен де бір... Қызық екенсін... Енеңді ұрайын... Әнуар естімесін. Ешкімге айтпа. Мә, мынаған ауызбастырық алып кел!», – деп, қалтасына қол сала береді...

Осы бір шағын оқиғадан-ақ Уәйіс Сұлтанғазиннің адамгершілік болмысын айнытпай тануға болады. Уәйістің

зерттеушілерінің еңбектері арқылы жас ұрпақтың санасына сіңе жатар деген үміттеміз.

Уәйіс менімен бірге актерлік студия шәкірттеріне ұзақ жылдар сабақ беріп, ұстаздық етті. Өзінің білгенін, жинақтаған тәжірибесін шәкірттеріне үйретіп, өнерге деген адалдықты, мәңгілік ізденіс туралы ұғымдарды жас ұрпақтың бойына сіңіруге аянбай тер төкті. Қарапайымдылығына салып: «Сендермен бірге менің өзім де көп нәрсені Әубәкір ағайларынан үйреніп жүрмін», – деп, шәкірттерді ынталандырудан жалыққан емес.

Өнерде зерек Уәйіс, өмірде аккөңіл, сәби мінезді, аңқау, өте сенгіш, жаны жомарт болатын... Қызылорда театрында актер болып жүргенімде басымнан өткен қызықты оқиғадағы «Жер шарын мекендеген бүкіл Найман...» деген өлен жолдарының қалай дүниеге келгенін айтып беріп едім, Уәйіс аузынан тастамай «Гимнге» айналдырып алды.

Оның аңқылдаған аккөңіл, жомарттығын білетін театрдың үлкен-кішілері түгел «пайдалануға» тырысатын. Кезекті бір «думаннан» кейін, серпіліске тиып таппай тұрған артистер Уәйістің жолын тосады. Оның алдынан шыққан Жарқын Рамжанов інісі:

аккөңіл, сәбидай сенгіш тазалығы өнерінің өзегі еді. Қандай рөл ойнамасын тазалықтың лебі есіп тұратын, ұлттық қасиеттерді бойына жинап қана қоймай, оның зерттеушісі де бола білу қажет. Дүниеден өтер сәтінде де қасында болдым. Уақытының бітерін екеумізде сезсек те, өңгімеміздің өзегі өнер жайлы болды... Өнерді ессіз сүйген, Алтайдың дарынды ақиығы Уәйіс Сұлтанғазин тазалық пен адалдықтың белгісіндей болып есімде мәңгілік сақталады.

Ер мінезді Уәйістің сахнадағы батыр тұлғалы кейіпкерлері, кино мен телекойлымдардағы образдары бұл күндері қайталанбас бейнелер ретінде тарих қойнауына еніп кетті. Олар енді театр мен өнер зерттеушілерінің еңбектері арқылы жас ұрпақтың санасына сіңе жатар деген үміттеміз. Уәйіс менімен бірге актерлік студия шәкірттеріне ұзақ жылдар сабақ беріп, ұстаздық етті.

бастап, әртүрлі жанрдағы: Әділжан (*Р.Сейсенбаев «Түнгі диалог»*), «Алдар көсе» (*Ш.Құсайынов*), Бетай (*А.Сүлейменов «Кек»*), Ұзақ (*М.Әуезов «Қылы заман»*), Зия Гафуров (*Ж.Файзи «Башмағым»*) т.б., ең соңғы рөлі Оспанға (*Қ.Ысқақов «Қамар сұлу»*) дейінгі барлық қойылымдарымда қайталанбас бейнелер сомдады. Уәйістің қай рөлін алып қарасаңыз, бала мінез, тазалықты байқауға болады. Елдік ұғымды, жерге деген сағынышты аңғарасыз. Мысалы, «Белгісіз» бейнесін алып қарайық: онда қызыл империяның қыспағынан шекара асқан адамның, түнделетіп, басын қатерге тігіп, дүниеден өтер шағында туған жерін бір көріп кету үшін келген жанның трагедиясын Уәйіс үнсіз аққан көз жасымен кереметтей әсерлі жеткізсе, Ұзақ рөлі арқылы ел, жер, ұрпақ тағдыры туралы ұғымдарды күрескерлік деңгейге дейін көтереді. «Көшедегі пақырды, әкім бол деп шақырды» комедиясындағы Безкозрынның рөлі өткір сатиралық дәрежеде есте қаларлық бейне ретінде шешілді. Ж.Әбдіраштың сөзіне

Уа, талантың зор, дарындысың,
Халқыңа тарту еттің дарын күшін.
Өзіңе арнаған бұл өлеңімді,
Жазғаным жоқ өңештің қамы үшін!
Былайынша сабырлы салмақтысың,
Үлкен-кіші бәріне ардақтысың,
Жомарттығыңды біледі бауырларың,
Оң қолды әмиянға салмақтысың.
Бұл бір наз ағаға айтар қысымгерсіз,
Басы ауырған інінің ісі дерсіз!
Қарғада қасарысып кәк етпей жүр,
Арғы жағың өзіңіз түсінерсіз!.. деп, өлеңдетіп зарлай жөнелгенде, «Мә!» деп, әмияның ақшасымен қоса ұстата салады. Аңдып тұрған қулар талан-таражыға салып таласып жатқандарға мәз болып тұрған Уәйіс кенет есіне бір нәрсе түсіп: «Ей, тұра тұрындар, ең болмаса кешке үйге қайтуға таксилік тиын қалдырындар», – дейді.

Әубәкір РАХЫМОВ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері, профессор



AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



БҮГІНГІ САТИРА

Ес біліп, ақыл тоқтатқан кезімде әкем атама қарата: «Әттең, әкемсің!...» — деп кіжініп алды да, — Жасым келді-ау, ата сакалым ауыма түсті-ау деп, бір сәт ойласа қайтер екен. Кей қылығына қарап қарның ашады. Желп-желп, кей тірлігі шалдыкі емес шаланыкі... Ішірткісін ішіп алып, гөй-гөйлегенінде «әкем еді» дегеннен біржола бас тартқын да келіп кетеді... Келін бар-ау, немере де есейді демейді, аузынан сөзі, өзінен бөзі түсіп түгесілетіні түңілтеді... Ойпыр-ай, кейбір



Өтізге туған күн...

Сөйткен атам да бакилық болған. Зулаған уақыт, мен әкемнің жасына келіп, әкем атамның кейпін киген... «Тартпасан тумағыр» деген бар, көртайғанында әкем атамның «кейпін» кигені... Бір күні әкемнің әкірен қылығы өтіп кеткен болуы керек, онашада: «Әттең, әкемсің, әйтпегенде кері кеткен қылығың бетіне басар едім-ау! Қылығы қылық

емес, қарап отырып жының келеді. Кемпірімен керілдескені былай тұрсын, көрші-көлем, туыс-жекжатпен де ит пен мысықтай... Желп-желп, көп қылығы шалдыкі емес нағыз шаланыкі... Ата сакалы аузына түскенде де арағын қоймаудан өткен өлермендік жоқ екен. Ішірткісін ішіп алғандағы кейпін көрсен... Баз кешіп, безіп кетуге бармын. Әттең, төрінен көрі жакын кезінде тастап кету обал-ақ. Ойпыр-ай, саликалы да салмақты қалыпқа түсер кезі бола ма екен! Жөнімен қартайып, бедел-қасиетін сақтай білген әкеден айналдым! Әттең, әкемсің, әйтпегенде айтар едім-ақ!» — деп өкірендеппін. «Өгізге туған күн бұзауға да туады» деген бар... Бір күні балам арағына тойып келіп: «Әттең, әкемсің!» деп бастап... айтпағаны жоқ, ит терімді басыма қаптасын кеп... Әй, ит-ай, айтарын айтса да, қылжиярындағы соңғы сөзі «Әттең, әкемсің, әйтпегенде айтар едім!» болды. Кайтейік, басқа түссе баспақшыл деген... Бағанадан бергі бұл «тегің концертті» — ес біліп, ақыл тоқтатқан немерем зейін қоя тындап отыр екен... Бұған да шүкіршілік...

Берік САДЫР,
Нұр-Сұлтан

ҚЫЗЫА КІТАН

Таушымылдық — сарғалдақтар тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Еліміздің шығысындағы таулы, орманды аудандарда кездеседі. Мамыр-маусым айларында гүлдеп, шілде-тамызда жеміс салады. Таушымылдыңтың тамырында эфир майы, салицин глюкозиді, крахмал, танин және аздаған алкалоидтар бар. Халық медицинасында тамырын емдік мақсатта күзде жинайды. Таушымылдыңтың тұнбасы төбет ашады, асқазан сөлінің қышқылын арттырады, астың қорытылуын жақсартады, жүйкені тыныштандырады.

Таушымылдық



Ақ тырна

Ақ тырна — тырнарлар тұқымдасының бір түрі. Батыс және орталық аймақтарда көктемгі (сәуір-мамыр) және күзгі (тамыз-қазан) ұшу кезінде қоныстайды. Бұл кезде Наурызым қорығында, Ырғыз және Торғай өзендері мен Арал теңізі жағалауында жиі кездеседі. Сирағының төменгі жағы қауырсынсыз, құйрығы қысқа. Мойны, аяғы ұзын. Қанатының қарымы 2 метрге, салмағы 10 кг-ға дейін жетеді. Қанаты ақ, қанатының ұшы қара, тұмсығы қызыл. Суат маңын, көбінесе батпақты жерлерді мекен етеді. Өсімдік дәнімен, ұсак жәндіктермен қоректенеді. Ұясын шөп арасына, кейде тайыз су бетіне салады. Сәуір-мамырда 2-3 шұбар жұмыртқа туып, оларды мекені 1 айға жуық басады.



JAS QAZAQ ГАЛЕРЕЯСЫ

Әйгерім БЕГІМБЕТ — журналист, фототілші



Ә.Бегімбет: «Бұл командалық фотокөрме. Мұнда өмірден ерте озған талантты фотограф Қанат Дархан, дизайнер-фотограф Шыңғыс Әбдіразақ, фотограф Сөбина Әбдімәліктің ауыл өмірінен, қарапайым еңбек адамдарының тіршілігінен сыр шертетін фотосуреттері қойылды. Осылайша, өмірді қаз-қалпында көрсеткіміз келді», — дейді. Көрмеге 50-ден астам фото қойылған.



БНАЕ ЖҮРІҢІЗ!

Қазанға ет асқанда ең алдымен, кәрі жілікті салады. Себебі кәрі жілік еттің бәрін ұстап тұратын қасиетке ие. Оны шақпайды, құла табакқа салмайды, қонаққа, бөтен, жат адамға емес, керісінше, үй иесіне немесе ағайынға береді.

Кәрі жілікті босағаға неге іледі?



Өйткені «кәрі жілікте шаңырақтың құты бар» деп ырымдайды. Сонымен қатар өсіп келе жатқан қыз балаға «оң жакта отырып қаласың» деп ұстатпаған, ақ ұлдарға «сұр бойдақ боласың» деген сеніммен бермейді.

ӘВЕН

Алматыда Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында Қытайдың Циндао симфониялық оркестрі өнер көрсетті. Бұл концерт екі елдің мәдени байланысының нығаюына арнады.

Циндаодан сәлем!



Шараны ұйымдастыруға Циндао қаласының мәдениет және туризм департаменті, Қытайдың Алматыдағы бас консулдығы мұрындық болды. Циндао — Қытайда 2005 жылы құрылған кәсіби оркестр. Өнерпаздар Франция, Ресей, Аргентина, Чили секілді елдерде мәдени шараларға қатысып, енді Орталық Азия елдерін аралауда. Алматыдан сон Нұр-Сұлтан, Өзбекстанның Ташкент қаласында сахнаға шығады. Дирижер Чжан Ройонг басқаратын оркестр «Алау фестивалі», «Елім менің» композициясын, Сюй Сяониннің жеке орындауында «Сені сүйем, Жұнго», «Өнер үшін, махаббат үшін», «Янцзы әні» әндері шыркалып, Бакытжан Байқамалов атындағы Мемлекеттік хор капелласы да классикалық ән шырқады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2188;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 25 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.